

BILIM VA MALAKALARNI BAHOLASH AGENTLIGI

*Bilimningga ishon va muvaffaqiyatga erish!*

BILIM VA MALAKALARNI BAHOLASH AGENTLIGI

ЖАЛПЫ ОРТА ТӘЛІМ МЕКТЕПТЕРІ, АКАДЕМИК ЛИЦЕЙЛЕР  
ЖӘНЕ ӨНЕР-КӘСІП КОЛЛЕЖДЕРІ  
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА ІV БАСҚЫШ  
ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ҮШІН

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ  
ПӘНІНЕН  
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАР КІТАБЫ

---

*Қатысушының фамилиясы, аты-жөні*

---

*Қолы*

Бұл тест варианты 30 (1-30) тест тапсырмасынан құралған.

Кітапшада жабық және ашық тест тапсырмалары бар. Тест тапсырмасы үшін ажратылған балл әр бір тест тапсырмасында көрініс тапқан.

Жабық түрдегі тест тапсырмаларында берілген төрт жауаптан бір ғана жауапты таңдау және жауаптар парақшасында таңдаған жауапқа сәйкес әріпті (А, В, С немесе D) тапсырма көрсеткішіне сәйкес қатарға жазу керек.

Ашық түрдегі тест тапсырмалары жауаптарын жауаптар парақшасындағы тапсырма көрсеткішіне сәйкес қатарға толық және анық жазу керек.

Сәйкестендіруді талап етуші жабық тест тапсырмалары үшін жалпы алты (А-Ғ) жауап варианттары берілген болып, үш тапсырмаға (28-, 29-, 30-тест тапсырмалары) бұл жауаптар арасынан сәйкес келетін бір дұрыс жауап таңдалады және жауаптар парақшасына белгіленеді.

1. [2,4 ball]  
 Дауыссыз дыбыстардың емлесі дұрыс берілмеген қатарды тап.  
 А) Қазақ тілінде қ-к, ғ-г дауыссыздары жуан және жіңішке түрінде жұп құрайды.  
 В) Щ әрпі қазақтың байырғы сөздерінде де жазылады.  
 С) Х әрпі кірме сөздер мен кісі аттарында жазылады.  
 D) Дауыссыз б, в, г, д дыбыстары қазақ тілінің төл сөздерінде де сөз аяғында келеді.
2. [2,4 ball]  
 Тыныс белгілері қойылмай берілген сөйлемдердің қай бірі мына сызбаға сәйкес келетінін анықта: **Автор сөзі: «Төл сөз», – автор сөзі.**  
 А) Баламмен ақылдасайын деді Ақан.  
 В) Ақан былай деді Баламмен ақылдасайын.  
 С) Ақан Баламмен ақылдасайын деді.  
 D) Баламмен деді Ақан ақылдасайын.
3. [2,4 ball]  
 Туынды зат есімдерден жасалған антонимдік жұпты белгіле.  
 А) жастық-кәрілік В) ыстық-суық  
 С) барды-келді D) алыстан-жақыннан
4. [2,4 ball]  
**Орынды сөз** деген тіркестегі-ды қандай қосымша?  
 А) сөз тудырушы жұрнақ  
 В) жіктік жалғауы  
 С) жедел өткен шақ жұрнағы  
 D) табыс септік жалғауы
5. [2,4 ball]  
 Қай сөйлемде нақ осы шақтың жалаң түрі берілгенін анықта.  
 А) Бәріміз бір сыныпта отырмыз.  
 В) Сен ойнап жүрсің.  
 С) Айгул не айтарын білмей тұр.  
 D) Оқушылар жаттығу орындап жатыр.
6. [2,4 ball]  
 Берілген мысалдардың қай бірі сын есімді тіркес болып тұрғанын анықта.  
 А) балаға мейірімді, темірге бай  
 В) биік терезе, үш дос  
 С) ұстаздарға алғыс, тез жүру  
 D) қыздардың көмегі, жаңа мекен
7. [1,7 ball]  
*Маң-маң басқан, маң басқан,  
 Шудаларын шаң басқан,  
 Төрт аяғын тең басқан,  
 Екі өркешін қом басқан.*  
 Берілген үзіндідегі **жануардың иесін** тап.  
 А) Шопан ата В) Сексек ата  
 С) Зеңгі баба D) Ойсыл қара

8. [1,7 ball]  
 М.Қашқаридің «Түркі сөздерінің жиынтығы» еңбегінен:  
*Ауруды емдедім,  
 Қуаттанар ерлерім,  
 Тұлпарларды жемдедім,  
 Күш беремін тәнге де.*  
 Берілген үзіндіде **қай мезгіл суреттелгенін** тап.  
 А) күз В) қыс С) жаз D) көктем
9. [1,7 ball]  
*Күнінде мені жырлайтын,  
 Мініңді айтып сынайтын  
 Тоқсан үште қария  
 Енді саған табылмас.*  
 Берілген үзіндідегі **тоқсан үшке толған қарияның** кім екенін тап.  
 А) Бұқар жырау В) Ақтамберді жырау  
 С) Сүйінбай Аронұлы  
 D) Дулат Бабатайұлы
10. [1,7 ball]  
 Фердаусидің “Шаһнама” дастанынан үзінді:  
*Сөйледі: “Жан тең келмес баһадүрім,  
 Тәж-тақтың шыгарғансың атағын мың.  
 Нұрлы ақыл, қайрат – сенде бәрі де бар,  
 Бастайды игілікке жаның адал”.*  
 Үзіндіде қай **батыр бейнеленгенін** тап.  
 А) Гудәрс В) Рүстем С) Сиявуш  
 D) Пиран
11. [2,4 ball]  
 Низамидің **араб аңыз-әңгімелері** негізінде жазылған туындысы қайсы қатарда көрсетілгенін тап.  
 А) “Қысырау-Шырын” В) “Жеті ару”  
 С) “Ләйлі-Мәжнүн” D) “Ескендірнама”
12. [1,7 ball]  
Сақалы сапсиган шалдар, таяқтарына сүйеніп, ербиіп, есіктерінің алдына шықты. Шүйделі желке, шермиген қарындар да термен боршып, кештің самал салқынына шығып, бойларын жазған сияқты болды.  
 Үзіндіде қандай **көркемдік тәсіл қолданылғанын** анықта.  
 Жауап: \_\_\_\_\_  
**Назар аударыңыз!** Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.
13. [0,9 ball]  
*Жазылып жарқын дала, сағым қалқып,  
 Көк майса жұпар атты тамыр балқып,  
 Жайқалып қызғалдағы әсер құлпырып,  
 Көкорай мұрын жарды исі аңқып.*  
 Берілген шумақ **несше бунақ, неше буынан** тұратынын анықта.  
 Жауап: \_\_\_\_\_  
**Назар аударыңыз!** Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.
14. [0,9 ball]  
 Тәуелдік жалғауының дауыссыз дыбыстан соң жалғанатын III жақ қосымшасы қандай?  
 Жауап: \_\_\_\_\_  
**Назар аударыңыз!** Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.
15. [1,7 ball]  
 Берілген сөйлемнен тұрақты сөз тіркесін анықтап, мағынасын көрсет: *Ойлап отырсақ уақыт деген көзді ашып-жұмғанша өтіп жатыр.*  
 Жауап: \_\_\_\_\_  
**Назар аударыңыз!** Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.
16. [1,7 ball]  
 Жалшылауыш сөз бірыңғай мүшелерден кейін келсе, оның алдынан қандай тыныс белгі қойылады?  
 Жауап: \_\_\_\_\_  
**Назар аударыңыз!** Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.

17. [0,9 ball]

Көп нүктенің орнына тиісті жұрнақтарды анықта: *қыр... қарындаш, мақтан... бала.*

Жауап: \_\_\_\_\_

**Назар аударыңыз!** Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.

18. [0,9 ball]

Нақ осы шақтың жалаң түрін жасауға негіз болатын егістік қалай аталады?

Жауап: \_\_\_\_\_

**Назар аударыңыз!** Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.

19. [0,9 ball]

Берілген сөз тіркестері байланысудың қай түрі екенін анықта: *әдейі келу, шапшаң қимылдау, сабақтан соң келу.*

Жауап: \_\_\_\_\_

**Назар аударыңыз!** Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.

20. [0,9 ball]

Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып, қай сөйлем мүшесі болып тұрғанын анықта: *Балық... жүзуді үйретпе, күшік... үруді үйретпе.*

Жауап: \_\_\_\_\_

**Назар аударыңыз!** Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.

21. [0,9 ball]

Берілген сөйлем құрмаластың қай түрі екенін анықта: *Менің де ішім жылып қоя берді, бірақ Нағимажанды жылаттып болмайды екен. (Қ.Сейд.)*

Жауап: \_\_\_\_\_

**Назар аударыңыз!** Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.

Мәтінді оқып берілген сұрақтарға жауап бер.

“Адал бағбан”

Ертеде бір қаланың пәк әрі әділ қазысы жалғыз қызын иманды біреуге тұрмысқа бермек болады. Қызын талай байлар айттырады, бірақ олар қазының көңілінен шыға қоймайды. Бір күні қазы дем алу үшін бау-бақшасына барып жайғасады. Бақша күтушісіне жүзім әкелуін өтінеді. Ол бір шоқ жүзімді жуып, қазыға ұсынады. Қазы жүзімді ауызына сала бере, артынан іле-шала жерге түкіріп тастайды да: – Неге жүзімнің тәттісін алып келмегенсің? – деп сұрайды. Сонда бағбан: – Қайсы жүзімді әкел десеңіз, соны әкелейін, ал олардың қайсысы тәтті екенін білмеймін. Қазы таңғалып: – Екі жылдан бері жүзімдерді өсіріп, баптап келесің. Оның дәмін әлі күнге ажырата алмай жүрмісің? – Сіз мені жұмысқа аларда жүзімдерді күтесің деген едіңіз. Ал дәмін татып тұр деп айтқан жоқсыз. Сондықтан осы уақытқа дейін бір жүзімді де аузыма салып көрген емеспін, – депті. Таңғалған қазы әйелімен ақылдасып: – Біз іздеп жүрген күйеу бала алыста емес, дәл біздің шаңырағымыздың астында екен. Қызымызды осы жігітке берейік – деп, қыздарын адал бағбанға тұрмысқа береді.

22.

[0,9 ball]

Қазының **бақша күтушісіне қызын** беруінің мәнісі неде?

- A) Бақша күтушісінің адалдығына тәнті болады.
- B) Қызымен түйдей жасты болған соң келіседі.
- C) Қыз бақша күтушісіне ғашық болады.
- D) Бақша күтушісі өз ісіне жақсы қарайды.

23.

[0,9 ball]

Қазы неге **бақша күтушісінен** наразы болды?

- A) Жүзімнің тәттісін ажрата алмады.
- B) Жүзімнің тәттісін алып келмеді.
- C) Жүзімге жақсылап қарамады.
- D) Жүзімнің дәмін татты.

24.

[0,9 ball]

Бақша күтушісінің **адалдығын** бейнелейтін сөйлемді тап.

- A) – Қайсы жүзімді әкел десеңіз, соны әкелейін, ал олардың қайсысы тәтті екенін білмеймін.
- B) – Екі жылдан бері жүзімдерді өсіріп, баптап келесің. Оның дәмін әлі күнге ажырата алмай жүрмісің?
- C) Қызымызды осы жігітке берейік – деп, қыздарын адал бағбанға тұрмысқа береді.
- D) Ал дәмін татып тұр деп айтқан жоқсыз.

Мәтінді оқып берілген сұрақтарға жауап бер.

“Табиғат”

Табиғатты қорғау – біздің парызымыз. Табиғаттың ғажайып әсемдігін көз алдыға елестете отырып, өзің бір керемет сезімге бөленесің. Табиғаттың бар әсемдігін, бар кереметін, оның әрбір әсерін сөзбен де, жазумен де жеткізу оңай емес. Оның керемет көрінісі жаныңды тербетеді. Бұлттары ашпақ мақтадай, шөптері жасыл кілемдей төселген. Жыл мезгілдерінің өзгеруі де, табиғатты одан әрі әсірелейді. Таудан сарқырап аққан өзеннің айналасында өксіген оттай жанған жануарларды көрудің өзі керемет көрініс емес пе?! Жайқалып өскен түрлі гүлдер көзге өз кереметтігін сыйға тартады.

Табиғат көркемдігін өз өлең-шумақтарында жырлаған ақындардың қатарында Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Сұлтанмахмұт Торайғыров т.б. сияқты ақындарды атауға болады. Табиғат көркемдігін ақ қағаз бетіне түсірген ақындарымыз оның құдіретін білген. Шалғайын шалқар малшыған, Бұлт келді, Көктен кір кетті. Топырлап ұрған тамшыдан, Топырақ иесі бұрқ етті – деп, Қадыр Мырзалиев ақынымыз әсем табиғатты жырға қосады.

Табиғатты қорғау – табиғатты аялау әр адамның міндеті. Үлкен-кіші әрдайым оны таза ұстап, құрмет тұтуы қажет. Оның бізге қаншалықты қажет екені баршамызға мәлім.

25.

[2,4 ball]

Үзіндіде **табиғатты суреттеу** қай сөйлемде берілген?

- A) Бұлттары ашпақ мақтадай, шөптері жасыл кілемдей төселген.
- B) Оның керемет көрінісі жаныңды тербетеді.
- C) Табиғаттың ғажайып әсемдігі көз алдына елестете отырып, өзің бір керемет сезімге бөленесің.
- D) Жайқалып өскен түрлі гүлдер көзге өз кереметтігін сыйға тартады.

26.

[2,4 ball]

Мәтінде **кейіптеу** қай сөйлемде берілген?

- A) Бұлттары ашпақ мақтадай, шөптері жасыл кілемдей төселген.
- B) Таудан сарқырап аққан өзеннің айналасында өксіген оттай жанған жануарларды көрудің өзі керемет көрініс емес пе?!
- C) Бұлт келді, Көктен кір кетті.
- D) Табиғаттың бар әсемдігін, бар кереметін, оның әрбір әсерін сөзбен де, жазумен де жеткізу оңай емес.

27.

[2,4 ball]

Табиғаттың көрінісін **жырлаған ақындар** нені білген?

- A) Табиғаттың тазалығын
- B) Табиғаттың сұлулығын
- C) Табиғаттың құдіреттілігін
- D) Табиғаттың сырын

28-30.

Кестедегі мәліметтерден пайдаланып, 28-30-тест тапсырмаларына (А-Ғ) жауап варианттарын сәйкестендір.

Назар аударыңыз! Жауаптардың үшеуі артық.

Тапсырмалар	Жауаптар
<p>28. [1,7 ball] Берілген сөйлемдерден орфография заңына сай болмаған сөздер кездескен сөйлемді <b>анықта</b>.</p>	<p>А) Өзім әрі жақсы бауыр, әрі жақсы жолдаспын. В) Жасауыл әр шақырғанға келмейді. С) Оның орыны менен кейінгі парта болатын.</p>
<p>29. [1,7 ball] Құрамында көнерген сөз кездесетін сөйлемді <b>анықта</b>.</p>	<p>Д) Мақтаншақ қарға аузын ашып, қарқ етті. Е) Жетісу аймағын қазақ, қырғыз елі қанаттаса мекендейді.</p>
<p>30. [1,7 ball] Құрамында жіктік жалғауы зат есімге жалғанған сөз кездесетін сөйлемді <b>анықта</b>.</p>	<p>Ғ) Бір топ балалар атқа мініп сонда барады.</p>